

Суды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын өзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы 19-2/508 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 4 тамызда № 11836 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 83-бабының З-тармағына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Суды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын өзірлеу, келісу және бекіту қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауга жіберілуін;

3) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 25 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев
2015 жылғы 3 шілде

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 1 маусымдағы
№ 19-2/508 бұйрығымен бекітілген

Суды бақылау мен есепке алууды нормативтік-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Суды бақылау мен есепке алууды нормативтік-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 83-бабының 3-тармағына, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Денсаулық кодексі) 12-бабының 4-тармағына, "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" 2004 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 8-бабына сәйкес әзірленді және суды бақылау мен есепке алуудың нормативтік-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібін анықтайды.

2. Суды бақылау мен есепке алууды нормативтік-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету жүйесі ұлттық стандарттарды, санитариялық-эпидемиологиялық қағидаларды, өлшемдерді орындау әдістемелерін қамтиды.

3. Суды бақылау мен есепке алууды нормативтік-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптары Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес әзірленеді.

4. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган – жер қойнауын геологиялық зерттеу, ұтымды және кешенді пайдалану саласында мемлекеттік саясатты іске асыру және бақылау жөніндегі функцияларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – елді мекендер шегінен тыс жерлерде су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы басқару мен бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілдегі орган – техникалық реттеу және метрология саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

5. Мемлекеттік метрологиялық бақылау жүзеге асырылатын салаларда қолданылатын өлшемдерді орындау әдістемелері міндепті метрологиялық аттестатталуға және өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі тізілімінде тіркелуге тиіс.

6. Заңның 17-бабының 3-тармағына сәйкес өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелген және салыстырып тексерілген суды бақылау мен есепке алу аспаптарын қолдануға рұқсат етіледі.

2. Суды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі

7. Суды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу Кодекстің 83-бабының 3-тармағына, Денсаулық кодексінің 7-1-бабының 2) тармақшасына, Заңның 5-бабына, санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады.

8. Суды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу кезінде ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық, тәжірибелік-технологиялық, жобалау жұмыстарының нәтижелері, патенттік зерттеулердің нәтижелері, отандық және шетелдік ғылымның, техника мен технологияның заманауи жетістіктері туралы ақпарат пайдаланылады.

9. Суды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын бекітуді:

1) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілдегі орган уәкілдегі органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілдегі органның ведомствосымен келісім бойынша жер асты суларын бақылау мен есепке алу мәселелері бойынша нормативтік-техникалық актілер жобаларын дайындау шенберінде;

2) уәкілдегі орган халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілдегі органның ведомствосымен келісім бойынша жер үсті суларын бақылау мен есепке алу мәселелері бойынша нормативтік-техникалық актілер жобаларын дайындау шенберінде;

3) уәкілдегі орган техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілдегі органмен келісім бойынша суларды бақылау мен есепке алуды метрологиялық

қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттар жобаларын әзірлеу шеңберінде;

4) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствоны уәкілетті органмен және техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша судың санитариялық-эпидемиологиялық жай-күйін бақылау мен есепке алу мәселелері бойынша нормативтік-техникалық актілер жобаларын дайындау шеңберінде жүзеге асырады.

10. Суды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптары қамтылатын нормативтік-техникалық актілер жобаларын осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген уәкілетті мемлекеттік органдарда қарau және келісу мерзімі отыз күнтізбелік күннен аспайды.